

# ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

**Көкейтесмі**

*М.Әбдекімұлы  
Мұқтаждық болмаса,  
қазақ тілінің  
көсегесі көгермейді*

**Оқшай ой**

*Ш.Құрбанов  
Төртінші өлшем*

**Проза**

*К.Ахметов  
Албасты аралаған ауыл*

**Фасыр марландары**

*Э.Хәмингүэй  
Килиманджаро қарлары*

№7 2014



1959 жылы туган. Көкшетау университетінің қазақ тілі және әдебиеті факультетін бітірген. «Зобалаң», «Күн тұтылған мезгіл», «Естемес би», «Сүлеймен қарақышы», «Қараман қарақышы», «Дүрбелең» сияқты романдар мен хикаялардың авторы. Әңгімелері мен түрлі тақырыптағы мақалалары республикалық басылымдарда жарияланып тұрады.

Момбек ЭБДӘКІМҰЛЫ

# МҰҚТАЖДЫҚ БОЛМАСА, ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОСЕГЕСІ ҚӨГЕРМЕЙДІ

Кеудесінде титтей болса да қазақтық қасиет бар кісі еліміздегі қазақ тілінің қандай жағдайда екеніне шындалп көз жіберсе, «Апырау, біз осы қай елдің тұрғынымыз?» деп өз-өзіне сауал тастап, ал ұра қынжылары кәдік. Неге десеніз, еліміздегі 17 миллион халықтың 10 миллионынан аса тұрғыны қазақ бола тұра, Қазақстан мемлекетінде сол қазақтың тілі үстемдік құра алмай, мүшкіл хәл кешіп жүргені әрбір тіл жана шырының жаңын жабырқатса керек. Бірақ қаншалықты өкінсек те, жаңымыз қүйініп, жүрептіміз қан жыласа да, қайтеміз, егемендік алған жиырма үш жылдың ішінде қазақ тілінің қосегесі еш қөгермей-ақ қойды. Бірақ ол осындағы мүшкілдікке неге тап болғанын ұлт даналары мен зиялыштары, тіл жана шырлары өткен ғасырдың сонынан бері шырқырап айттып келе жатса да, олардың ұсыныстарына, уәждеріне тоңмойын билік селт етер емес.

Сөзімізді ә дегеннен-ақ билікті кінәлаудан бастағанымыздың өз себебі бар. Өйткені бір мемлекетте не нәрседен де кемшілік кетіп жатса, ол кемшілік халықтың қателігінен емес, ел саясатын жүргізіп отырған үкіметтік құрылымның олқы істерінен туындастыны сөзсіз. Өйткені қайсыбір елдің болмасын, әр салаға тиісті реформаларын да, экономикасын да, ішкі-сыйртқы саясатын да жүргізетін сол елдің билігі. Ендеше, мемлекеттік тіл саясатына да ықпал ететін де – сол билік. Өкініштісі, біздің Қазақстан билігі жоғарыдағы саясаттарды бір қалыпты жүргізіп жатқанымен,

мемлекеттік тіл саясатына жүрдім-бардық қарауда. Десек те, «Қазақстан үкіметі оған жүрдім-бардық қарайды» дегеніміз артықтау болар. Неге десеніз, елімізде мемлекеттік, яғни қазақ тілі туралы заң бар, орындалуы міндетті түрлі қаулылар бар. Иә, бәрі бар. Алайда өзі шығарған заңды биліктің өзі орында майтынын көргенде, бұл мәселеде оның кінәлі екенін мойында масқа лажың жок.

Сол билік және оның жер-жердегі ұлты қазақ өкілдері айтады: «Қазақ тіліне заң жүзінде мемлекеттік мәртебе берілген. Енді оны бар тарапта қолданып, өркендету – қазақтың өз мойнында. Бірақ қазақ тіліне қазақтардың өздері селқос қарайды. Сондықтан да оның алдыңғы орынға шығып, өркендей түсуіне өзіміз кінәліміз» дейді. Бар кінәні халыққа жаба салғыш ондай шенеуніктердің «өзіміз» дегендері – қара қазақтар. Олар осында жаттанды да тұрақты уәждерімен ел алдындағы жауапкершіліктен оп-онай құтылғысы келеді. Ондай шенеуніктер өздері мен әлті «өзіміз» деген қара қазақтың тұла-бойында орыс отаршылдығы қалдырған сызатты таптың барын, одан қазақтардың өз беттерінше жуық арада ажырай қоюы екіталай екенін үқпайтын тәрізді. Үқса да, бір адамға жағыну үшін әдейі солай аита ма, кім білсін, әйтеуір барлық шенеунік қазақ тілінің өркенде мей жатқаны туралы мәселеге келгенде қазақтың өзін кінәлаудан арыға бармайды. Бірақ арыға бару үшін де білім, ақыл, қайрат, ақыр тұби



намыс пен батырлық керек. Халыққа кеңес айтқыш қазіргі заманның ақылгөй шешендері білімді болса, белгілі саясаттанушы ғалым Э.Томсонның «Отаршылдықта болған ел отарлықтан құтылғаннан кейін міндепті түрде отарсыздану керек. Отаршылдар елден кетсе де, олардың көлеңкесі қалады. Тәуелсіздік алған елде саяси жүйе өзгерсе де, отаршылдардың ойран салуынан әбден зардал шеккен ұлттық сана көп уақытқа дейін ойрандалған қалпында қалады. Оның өзгеріссіз қалуы – ең алдымен тілде көрінеді» деген байламын, осы тақылеттес өситеттер қалдырған Алаш зиялышарының сөздерін білмейді-ау. Білсе, осындағы байлам-өситеттерден сабак алып, соған орай еңбектенер еді-ау. Бәлкім сол білместіктен болар, отарлық кептен құтылса да, отарсыздану жолында қауқарсызық танытқан Қазақстан билігі бұл тарапта белсенді қымыл көрсете алмай, өз жұртының тілін сыртқа теуіп, баяғы отарлаушы елдің тілін үстем күйінде қалдырып отырганы.

Француздар: «Францияны Франция еткен француздар емес, француздарды француз еткен – Франция, яғни Франция билігі» дейді. Демек, қазақтарды қазақ ететін қазақтар емес, Қазақстан билігі болуы тиіс. Билік ұлттық сананы жаңғыртуға, байыргы жұртының тілін өркендетуге күш салмаса, екі-үш ғасырдан бері орыстық мінезді бойына сіңірген, кеудесіне арасында мәдениет қонған, соның арқасында орысты зор, өз ұлтын қор санайтын шала қазақ – таза қазақ қалпына қайта түспейді. Тіпті араларында бір бөтен ұлт жоқ болса да, отаршылықтың зардабынан тілі шұбарланған түу шалғайда жатқан ауылдардағы қазақ та, еш уақытта таза тілді қазақ боп қалыптаспайды. Неге десеніз, біздің елде таза қазақ тілін қажет ететін бір де бір мекеме, не жұмыс орны жоқ. Таза қазақша оқытатын мектептер мен тек қазақ тілінде жұмыс жасайды делінетін мекемелердің өзінде де кейбір бухгалтериялық, банктик құжаттар орыс тілінде жүреді. Ал қазақ мектебін бітірген түлектер қалаға оқуға барса немесе бір жерге жұмысқа тұратын болса, баяғы кеңес кезіндегідей орыс тілісіз аттап баса алмайды. Себебі түсінікті, барған ортасы қазақ тілін керек етпейді, қай жерде де оған мұқтаждық жоқ, қай жерде де орыс тілі үстем.

Бесенеден белгілі, билік жалпы халықты белгілі бір талап аясына шоғырландыра алмаса, қара жұрт өзінің бойына сіңісті қасиеттер мен ұстанымдардан оңайшылықпен айырылмайды. Халықты олардан айыру үшін айқайшудын да, ұрыс-керістің де түкке қажеті жоқ. Ол үшін ел-жүртты үкімет байыпты жолмен

мұқтаждыққа әкелу керек. Осы жерде мына-ны мысал етіп айтайын: қазір қай жұрттың өкілі болса да, кәрі-жасына қарамай, заманға лайық техникалық құралдарды тез арада-ақ менгерді. Жазуды ежіктең оқитын сауатсыз деген кемпір-шалдардың өзі ұялы телефондарды қалай пайдалануды демде-ақ үйренді. Сабакты ең нашар оқиды деген балалар бір қадалса болды, әп-сәтте-ақ компьютердің «құлағында ойнап» шыға келеді. Міне, мұның бәрі заман талабы мен мұқтаждықтың көрінісі. Енді біздің үкімет Қазақстанда тұратын ұлттардың бәрін осылай заман талабы мен келешек үшін қазақ тіліне мұқтаж етіп қойса ғой, бар мәселе өз-өзінен-ақ шешілер еді. Ол үшін үкімет алдымен биліктегі ұлықтан кішікке дейінгі шенеуніктерді мемлекеттік тілде сөйлеп, сол тілде жұмыс жасауына қатаң талап, қatal міндет қоюы ләзім.

Дейміз ғой, бірақ өкінішке орай біздегі іс керісінше. Керісінше болатыны, біздің үкіметтің басында бойларына отарлықтың қамыты шешілмestей бол киілген, оны шешүте талпынбайтын, қай тарапта да орыс тілін жандандырған кілең «орысжандылар» отыр. Осыны бағамдасаң, Қазақстан жуық арадағы уақыт ішінде қазақшаланады деуте сену қыын. Соңда «тіл, тіл» деп шерменде күймен картайған шерлі Шерагаңың, мұзбалаш Мұханұның (Шаханұлы), тіл үшін «Мұндық-Зарлықтағы» мұндан да бетер мұнданып жүрген басқа да жанашырлардың жан шырылы тиістілердің құлағына жетпей, босқа көтерілген дауға ұқсайтын құры байбалам болмақ тәрізді.

Бәрініздің естерінізде болар, еліміз тәуелсіздік алған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында көптеген орыстар мен басқа ұлттар келешегін Қазақстанмен байланыстыра алмайтынын бағамдап, өздерінің тарихи отандарына көше бастады. Осында «мәңтілік қаламыз» деп ниеттенгендері деру қазақша үйренуге кірісіп, балаларын қазақ бала-бақшаларын мен мектептеріне бере бастаған-ды. Қай ұлттың өкілдері болса да, қазақтар мен оның тіліне деген құрметтері өсіп, ой-пифылдары өзгерे түскен-ди. «Қазақтар бізге қысым жасап жатыр» деп анда-санда бір ауданың немесе бір облыстың көлемінен аспайтын шу шығарып, оқтын-оқтын бас көтерген «Лад» секілді кейбір шовинистік топтардың байбаламы болмаса, бөтендердің жалпы жұрты тыныштықты қалап, ел саясатына көнгендей еді...

Бұл кезде Латвиядағы барлық халықтың 40 пайызы, жұртының саны 1 миллионның ар жақ-бер жағындағы Эстонияның 30 пайызы, осылармен шамалас Литва мемлекетінің 25 пай-



ызы орыстар болса да, бұл елдер отарлықтың барлық зардабынан арылуға күш салып, өз тілдерін мемлекеттік тілге айналдырып, ұлттық рухтарын көтеруге бірден кірісken. Ал 2000 жылға қарай Қазақстанда қазақтардың саны 55 пайыздан асып кетсе де, біз 1997 жылы орыс тіліне қазақ тілімен тәң дәрежеде қолданылатын ресми тіл мәртебесін бердік. «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен қатар тәң қолданылады» деп Ата Заңда жазып қойдық. Осылы көрген бөтендер қазақ тіліне құлышыныстарын бірден азайтып, балаларын да қазақшаға үйретуге деген ниеттерінен демде бас тартты. Жоғарыдағы заңды орыстар қоймай жүріп қабылдатқан жоқ. Ылғи орысша оқу орындарында оқыған, отарлықтың бойларына сіңген кеселінен айырылуға құлқы жоқ, өз тілін білмейтін шалақазақ шенеуніктер қабылдатты. Бұл заң бөгделер түрмак, дүбәра қазақтардың да көнілдерінен шыққаны соншалық, былайғы жерде орыс тілінің мәртебесін орыстар емес, солар көтеретін, қорғайтын болып шықты.

Егер біздің билік қазақ жағдайын ойлап, алғаш тәуелсіздік алған жылдардағы саясаттан танбай жүре бергенде, тіліміздің ахуалы дәл қазіргідей аянышты кепке түспес еді. Егер жоғарыдағы жағдайларды ойласақ, тап бүгіндері елімізде ешқандай мәртебеге ие бола алмай түрган қазақ тілінің жайкүйіне қарап тұрып, Елбасының «2017 жылы қазақстандықтардың 80 пайызы, 2020 жылы 95 пайызы қазақша сөйлейтін болады» дегеніне сенесіз бе? Бұл – ұлттық рухты көтеру үшін жиежкі дауыс шығаратын ұлттың азаматтардың, тіл жана шырларының көнілдерін аулап қою ма, әлде халықты кезекті алдау ма? Мейлі, ол сөздердің түбі ақиқатқа айнала қойын дейік, бірақ дәл қазір оған ешқандай дайындық пен қадам жасалып жатқан жоқ қой. Әлде телеарналар мен газеттерге сұхбат бергенде өлгенінің күнінен, болмаса өз-өзін мәжбүрлеп, ыңқылдап зорға сөйлейтін заты да, аты да қазақ министрлердің, әкімшаралардың сөйлеу мәдениеті өте төмен шатты-бұтты қазақшасы – 2017-ші пәлен, 2020 жылы түген пайыз қазақстандықтар қазақша сөйлейді деген жоспарға бастама ма? Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері биік тақтан түспей келе жатса да, әлі күнге дейін еш болмаса қазақша «нан сұрап жерлік» сөздерді үйрене алмаған бөгде ұлттан шыққан шенділер, бүгін түгілі, келешкте де құллі қазақтардың өздеріне орыс тілінде сөйлейтініне нық сенімді бол жүрген қатардағы кірмелер, ана тілін үйренуден гөрі ағылшын тіліне ден қоя бастаған нигилистер

енде үш-төрт жылда біздің тілді судай сапырып, Елбасы жоспарының үдесінен шыға ма?

«Үш тұғырылғы тіл» бағдарламасы да, түсінген адамға біз жоғарыды сөз еткен Елбасы жоспарына қарама-қайшы нәрсе. Бұл бағдарлама 16-17 жастағы бозбалалар оқитын оқу орындарында қолданылса макұл ғой, оны бірінші сыйныптан бастап қолға алуды жоспарлаған біздің шенеуніктердің ойлаған, көксеген мұраттары не? Әлде олар балалардың бәрін тұмыссынан дарынды, барлығын бірдей көп тілді тез меңгеретін полиглот етіп шығарамыз деп ойлай ма. Әр баланың әр текті туылатынын, кейде ең үздік оқиды дейтін баланың екінші, үшінші тілді үйренуге құлықты болмайтынын, ал кейбір баланың қанша жыл оқыса да, өзге түгіл өз тілін де толық меңгере алмайтынын «үш тұғырылғы тілді» ойлап шығарғандар білмей мә? Бұл дегеніңіз, баланы, әсіресе қазақ баласын не мүнда, не анда етпеудің таптырmas тәсілі ғой. Жалпы, «үш тұғырылғы тіл» дегенді барлық оқушыға міндеттеп керегі не? Оларды қосымша пән ретінде өтсе, әр бала өзі қызығатын тілді үйренуге өзі-ақ ықыластанады емес пе.

Кейде маган осы «үш тұғырылғы тіл» бағдарламасы тек қазақ мектептеріне ғана арналған бастамадай көрінеді. Себебін айттын, орыс мектептерінде қазақ тілі пәні «үш тұғырылғы тілден» бұрын бар. Мектепте осы пәнді және «үш тұғырылғы тілге» сай бағдарламамен оқып шыққан, оқитын орыс пен басқа да бөгде ұлттардың балалары неге сол «үштің» ең бірінші болып есептелетін – қазақ тілін меңгеріп шықпайды? Басқа жақты қайдам, қазағы қалың оңтүстіктің өзінде мектепте қазақ тілі пәнін оқыған бір де бір орыс баласының қазақша сайрап түрганын көрген емеспін. Сол орыспен бірге оқыған қазақ баласы да қып-қызыл басқа тілді бол қалыптасқан. Осылан көрісінше, тәуелсіз қазақ елі болсақ та, қазақ мектебінде оқыған қазақтың жазған баласы орысша білуге міндетті, оны білмесе біреу емес, екеу емес, бүкіл қоғам әлгі баланы жазғырып, құлкіге айналдырады. Осылайда қөргенде, басқаны қайдам, мен өз басым құллі қазақтарды қазақ елінде емес, басқа бір елде тұрып жатқан диаспорадай сезінемін.. Диаспора сияқты емей, енді неменеміз, ортамызда бір орыс екі-үш ауыз қазақша сөйлесе таңырқап, болмаса қол шапалақтап мәз боламыз. Мая Петерс пен Индира Тен телеарнада жаңалық пен «Таңшолпанды» қазақша жүргізсе, «Міне, басқалар қазақша үйреніп!» деп бөркімізді аспанға лақтырамыз. Кеңес кезінде үш Татьяна домбырамен ән салғанда да жарылып кете жаздағанбыз. Негізінде



жаңа аталған көріс, орыс қыздары қазақшаны есейгендерінде үйренбеген. Олар қалың қазақтың арасында өскендіктен, айналадағы тіршілік пен қарым-қатынасқа байланысты мәжбүрлік пен мұқтаждықтың арқасында жастайынан қазақша сөйлеген. Қазақ ауылдарында түргандақтан қазақшаны судай сапыратын мұндайлар көп-ақ. Бәрі де керек болған соң үйренген. Ал қазіргі қазақстандық басқа ұлттың бәріне осындағы мәжбүрлік пен мұқтаждық бар ма? Әрине, жоқ! Сонда орыс тілі үстемдік құрып, ал қазақ тілі төмендеп түрган елде «алдағы бес-алты жылда жүрттың 90 пайызы қазақша сөйлейді» деген сөз авторының жоспары қалай орындалмақ?..

Откен ғасырдың сексенінші жылдарының аяғында, нақтысын айтқанда Қазақстанды Колбин басқарған кезеңде арнаулы оқу орындарында қазақтар мен орыстардың үлес салмағын теңестірген саясат жүріп еді. Атың өшкір сол саясаттың көлеңкесі тіл түрғысында бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда жойылмай түр. Мысалы қазағы қалың Шымкентте ашылған «Назарбаев зияткерлік мектебінің» қазақша бөліміне былтыры 859 окушы құжат тапсыrsa, орыс бөліміне 143 бала талап білдірген. Аталған мектептің басшылары осы жерде оқығысы келетін қазақ балаларының санынан шошып кеткен бе, әлде жоғарғы жақтан сондай тапсырма алған ба, әйтеуір, өздеріне ғана аян себеппен 859 қазақтың 64-ін, 143 орыша окуға ниеттенген балалардың 60-ын қабылдап, тілдік сясатты тең дәрежеде үстануды қалаған. Егер Білім министрлігіндеңдер мен билік орындары келешекте елімізді қазақ тілді мемлекет ретінде көргісі келсе, мұндай тәндік пен жасанды жоспарға жол бермес еді. Олардың мұндай қылышы «болашақта Қазақстанды түтел қазақтар жайлап кетсе де, ешқашан орыс тілінен айырылмаймыз» деген ниеттерінің бар екенин байқатқандай ма, қалай... Әйтпесе, осы «Назарбаев мектебін» қазағы қалың Ақтауда, Қызылордада, Шымкентте, Тараз бен Жезқазғанда тек қазақша етіп қойса да боладығой. Сөйтсе, оған дау салар бөгде бір ұлт болмас, сіра.

Орыс мектебінде оқыған балалардың қазақ тілінің көсегесін ешқашан көгерпейтінін біздің бүгінгі билікте отырған шенеуніктерден-ақ көруге болады. Мұндай келеңсіздіктен құтылу үшін қазақ мектептерінің, жоғарғы оқу орындарының санын мейлінше көбейту керек. Бірақ, Құдайға шүкір, қазақша білім беретін оқу орталары көбейген бұз күнде. Алайда сондай орталарда оқығандардың қазақша білімі кімге керек бол жатыр? Баста айтқанымыздай, күн-

көру үшін де, жұмыс істеу үшін де, ары қарай оқып немесе қызметке тұру үшін де орысша білу қажет. Басқалар тұрмак, шалақазақтардың өзін қазақша үйренуіне мұқтаждық тудыра алмай отырған біздің үкіметтің 2017 немесе 2020 жылдары іске асады деген «көрегенділігі» қалай жүзеге аспақ?

Адам санасына өте құшті әсер ететін әрі өзіне қатты еліктіретін әкпарат құралдарының 90 пайызы орысша боп түрган, үш-төрт жасар балаларының санасына дейін Алпамыс пен Қобыланды ерліктерінен төрі «Человек паук» пен «Бакуган сарбаздарының», қазақтың хандары мен байларын және басқаларын ылғи ақымақ етіп көрсететін, қайдағы бір американдық түсірген «Алдаркөс» хикаяларындағы оқығалар шырмаган, солардың арқасында кеуделеріне тым бөгде мәдениет қонып алған мемлекетте болашақта қазақ тілі дамып, рухы көтеріледі дегенге кім иланады. Мектепте қазақша оқығанымен айналадағы әсерлер мен ықпалдардың кесірінен тілі бұзылған, көшекөшелерде ылғи басқа тілдегі жарнамаларды көріп өскен баладан өртөнгенде көмекшілік жасаған, рухын іздейтін ұлken патриоты шығады дегенге тағы кім сенеді.

Қысқасы, кедейі құн көру үшін тырбаңданған гұмыры өткізетін, байлары байлықтары үшін тілі түгілі туған Отаны мен аласын сатуға дайын боп жүрген, «қойшы, тілде неміз бар, әйтеуір тыныштық болса екен» дейтін бойқүйез жүрті бар елдің рухын, тілін – сол елдің билігі көтермесе, түземесе, істің бәрі бос. Біздің жақта «Базарда өзбекті өзбек жаман алдайды» деген қалыпты сөз бар. Мұның мәнісін кейін түсіндім, базарда жүрт бір-бірін алдамаса, сауда ойдағыдай болмайды екен. Біздің биліктің тіл түрғысындағы сясаты да осыған сәйкес келеді-ау деймін. Яғни, «пәлен жылы түген нәрсе орындалады» деп халықты алдап қойып, әр жылы алдағы уақыттарға орындалуы күмәнді бір жоспарларды тұзіп қоймаса, сясаты жүрмей қалатын сияқты ма, қалай...

